

Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық қауымдастығы
Ұйымдастыру комитетінің бірінші отырысының
Хаттамасы №1

Күні: 10.02.2017

Уақыты: 10.00

Өткізілу жері: Назарбаев Университеті

Қатысушылар: Назарбаев Университетінен – SHSS деканы Daniel Pugh, Оразалиева Э., Омарбекова Г., Құсайынова М., Жұматаева З., Шамиоғлы Ю., Л. Н. Нумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінен – Құрманбаева Ш., әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университетінен – Салқынбай А., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеттен – Иманқұлова М., Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінен – Жундибаева А., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінен – Сүлейменова Ж.

Ұйымдастыру комитетінің
алғашқы жиналысының күн тәртібі:

1. Ұйымдастыру комитетінің құрамы мен міндеттерін бекіту.
2. Қауымдастықтың мақсаты мен міндеттерін нақтылау.
3. Қауымдастыққа мүшелікке өту шарттарын бекіту: жарна көлемін белгілеу
4. Алдағы іс-шаралар жоспарын талқылау.
5. Алғашқы симпозиум /форум, конференция/ күнін белгілеу. Ұйымдастыру алқасын бекіту.

Жиналыс барысы:

1. Жиналысты модератор гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі, қазақ тілі және түркология кафедрасының қауымдастырылған профессоры *Оразалиева Э. Н.* ашты. Халықаралық қауымдастықтың ұйымдастыру комитетінің құрамы мен міндеттері талқыланып, бекітілді. Комитет құрамы мен міндеттері қосымшада тіркелді (*1-қосымша*).
2. Құттықтау сөз. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінің деканы *Daniel Pugh* халықаралық қауымдастықтың құрылуымен ұйымдастыру комитеті мүшелерін құттықтады, қауымдастық жұмысына сәттілік тіледі.
3. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі, Қазақ тілі және түркология кафедрасының қауымдастырылған профессоры *Омарбекова Гүлнара* «Тілдік қауымдастықтар: әлемдік және қазақстандық тәжірибе» атты тақырыпқа баяндама жасап, әлемдік қауымдастықтар тәжірибесімен таныстырды, халықаралық қауымдастық құрылымы, мүше болу шарттымен таныстырды (*2-қосымша*).
4. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі, Қазақ тілі және түркология кафедрасының қауымдастырылған профессоры *Құсайынова Мейрамгүл* «Қауымдастықтың заңнамалық қамтамасыз етілуі» атты баяндама жасап, халықаралық қауымдастықтың заңды түрде рәсімделу, құжаттарын даярлау және заңды орындарда заңдастыру мәселелерін баяндады.
5. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі, Қазақ тілі және түркология кафедрасының ассистент профессоры *Жұматаева Зейнеп* «Қауымдастықтың веб-парақшасын ашу: мазмұны мен ақпараттық қамтамасыз етілуі» атты тақырыпта қауымдастықтың веб-парақшасы үш тілде ашылатындығын, оның толтырылу талаптарын баяндады.
6. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі, Қазақ тілі және түркология кафедрасының қауымдастырылған профессоры *Оразалиева Эльмира* Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық қауымдастығының мақсаты мен міндеттері, негізгі бағыттарын нақтылады. Қауымдастық негізгі 4 стратегиялық бағыттан тұрады. 1-бағыттың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы қазақ тілін оқыту, меңгерту мәселелерін жүйелеу, тәжірибе алмасу» ал 2-бағыттың мақсаты – халықаралық деңгейдегі қазақ тілінің оқытылу ерекшелігін анықтау, 3-бағыттың мақсаты - қазақ

тілінің түркі тілдерімен байланысу бағыттарын нақтылау, 4-бағыттың мақсаты – халықаралық деңгейде қазақ тілінің ғылым нысаны ретінде зерттелуін жүйелеу деп анықталды. Әр бағыттың мақсаты нақтыланып, бағыт жетекшісі тағайындалды. 2017 жылға іс-шаралар жоспары келіп түскен және жиын барысындағы ұсыныстарды ескеріп, бекітілді. Алғашқы конгресс күні белгіленді. Оны ұйымдастыру алқасы бекітілді.

Қаулы:

1. Ұйымдастыру комитетінің құрамы мен міндеттері бекітілсін.
2. Қауымдастыққа мүшелікке өту шарттары толықтырылып, жарна көлемі әр категорияға сай белгіленсін.
3. Қауымдастықтың бөлек веб-сайты ашылсын.
4. Қауымдастықтың Жарғы жобасы Заң бөлімімен бірлесе отырып дайындалсын.
5. Қауымдастықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тіркелу құжаттары дайындалсын.
6. Қауымдастық Жарғысы ресми жиында бекітілсін.
7. Қауымдастықтың Атқарушы комитеті тағайындалсын.
8. Қауымдастық құжаттары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне дайындалсын.